

19 Nukeshev S.O. *Course design of machine details*, Astana: S.Seifullin KazATU, 2003, p. 10 (in Kazakh).

20 Shernavsky S.A., Bokov K.N., Chernin I.M. et al. *Course design of machine details*, Moscow: Mashinostroenie, 1987, p. 16 (in Russian).

ӘОЖ 82-1

Ш.А.Шортанбаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы
(E-mail: shokhan69@mail.ru)

Махамбет поэзиясындағы сөздердің стильдік-мағыналық қолданысы

Мақалада белгілі ғалым Қ. Өмірәлиевтің «XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі», «Қазақ поэзиясының жанры мен стилі» атты еңбектері қазақ әдебиетінің ірі өкілдері Бұқар, Дулат шығармаларымен қатар, күрескер ақын Махамбет поэзиясының тілін, жанрын, стилін жан-жақты зерттеп, ғылыми негізде талдап көрсетуге арналған еңбек екені жан-жақты дәлелденіп, жүйелі түрде берілген. Автор Махамбет поэзиясын өзіне дейінгі дәуірдегі поэзия үлгілерімен салыстыра келе, ақын шығармаларында ауыз әдебиетінің ықпал-әсері аз болмағанын атап көрсетті. Әсіресе ақынның «Соғыс», «Мінкен ер» өлеңдерінің эпостық жыр үлгісіне өте жақын келетініне ерекше назар аударады. Ақын өлеңдерінде жиі кездесетін жер-су атауларының тек географиялық ұғым ретінде ғана емес, ел қонысы, халық мекені ретінде алынғандығы айтылады. Автор Махамбет поэзиясында кездесетін араб, парсы сөздеріне қатысты өз ойын дәлелдеп көрсеткен. Сондай-ақ ақын поэзиясында стильдік-тілдік тәсіл ретінде жұмсалатын формалар жүйесі жан-жақты талданған.

Кілт сөздер: қазақ поэзиясы, ұлттық идея, қазақ поэзиясының жанры мен стилі, ақын тілі, синтаксистік параллелизм.

Ұлт поэзиясы тарихында өзіндік үні, стилі, ерекшелігі, орны бар Махамбет Өтемісұлының әдеби мұрасы аз зерттелген жоқ. Оған ақын поэзиясының тақырыбы, жанры, идеясы, стилі, тілі, лексикасы, көркемдік әлемі хақында әдебиетші-тілші ғалымдар тарапынан жазылған үлкенді-кішілі ғылыми мақалалар, зерттеу-монографиялар дәлел. Тұңғыш рет өлеңдер жинағын топтастырып, тасқа бастырған Х.Досмұхамедұлының игі бастамасы М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, Х. Сүйіншәлиев, Қ. Өмірәлиев, Р.Сыздықова, Ж. Тілепов, Қ. Сыдиықов, Қ. Мәдібай, тағы басқа ғалымдар еңбектерінде жалғасын тауып, ақын мұрасы ғылыми тұрғыдан жан-жақты бажайланды.

Халел ақын шығармашылығы туралы, Исатай-Махамбет көтерілісінің себептері, барысы, ондағы тарихи тұлғалар хақында тереңнен қозғап, алғаш рет жан-жақты қарастырған. Махамбеттің жыраулығы, оның ел арасында тараған сөздері, әсіресе Баймағамбет сұлтанға айтқан сөздері туралы жазады. Ақындық алымының өзгеше екеніне тоқталады.

Мұхтар Әуезов «Әдебиет тарихы» еңбегінде ақын мұрасы туралы, оның зар заман ақындарымен үндестігін сөз етіп, қимыл мен күрестің өзгеше жыры ретінде зерделесе, ал Сәбит Мұқанов бостандық рухындағы ақын деп бағалады.

Қажым Жұмалиев ақынның өмірі, шығармашылық ғұмырнамасы, өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі, тілі, поэзиясының тарихи мәні хақында таратып айтады. Ақын қолданатын сөз образдарының мағыналық дәлдігіне, өлең жолдарының ішкі логикалық беріктігіне, біртұтас жүйесіне ерекше назар аударады.

Қазақ халқының тіл байлығын сергек көңілмен, сезімтал оймен қажетіне керегінше жарата білгенін тілге тиек ете келе, «тілінің байлығы жағынан және оны шебер қолдана білуі жағынан Махамбет атақты сөз ұсталарының қайсысынан болсын кем түспейді. Махамбет тілінің асқан көркемдігі, әр алуан поэтика тілдердің элементтерін (эпитет, теңеу, троп, фигуралардың түрлерін) жеке де, өзара байланысты түрде де өте шеберлікпен қолдана алуында ғана емес, ең алдымен, оның өлеңдерінде кездесетін сөз образдарының өмір шындығына дәл келетіндігімен, сөйлем құрылыстарының ішкі логикалық байланыстарының беріктігінде» [1], — деп атап көрсетеді.

Ақын өлеңдері тек жауынгерлік өнерге, ерлік тақырыбына ғана арналған сөздерден тұрмайтыны, халықтың өмірін, тыныс-тіршілігін, әр алуан қарым-қатынастарын, заман көріністерін суреттеу барысында халықтық тілді де мейлінше еркін, мол, сәтті қолданғанын білеміз. Сөздің сыртқы сұлулығымен қатар, ішкі иірімі, логикалық құрылымы, тыңдаушының жан дүниесіне, сезіміне әсер ете аларлық қуаты да ақын өлеңдерінің көркемдігін арттыратыны анық.

Белгілі зерттеуші-ғалым Құлмат Өмірәлиевтің «XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі», «Қазақ поэзиясының жанры мен стилі» атты еңбектері қазақ әдебиетінің ірі өкілдері Бұқар, Дулат шығармаларымен қатар, күрескер ақын Махамбет поэзиясының тілін, жанрын, стилін жан-жақты зерттеп, ғылыми негізде талдап көрсетуге арналған. Әсіресе «XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» атты еңбегінде зерттеуші-ғалым Махамбет поэзиясының тілін арнайы зерттеу нысаны ретінде алып, кеңірек тоқталған.

Құлмат Өмірәлиев бұл кезең әдебиеті туралы ойларын төмендегідей тарамдатты: «Сөйтіп, XIX ғасырдың орта тұсындағы қазақ поэзиясы, әрі оның шығарушылары жайлы мынаны айтуға болар еді: біріншіден, би-ақындар болды, олар байырғы дәстүрмен, үлгімен тақпақ сөздер, мақамды сөздер жасады; екінші, сарай ақындары болды, олар мадақтау жырлар таратты; үшінші, айтыс ақындары болды, олар мақтау өлеңдері мен айтыс өлеңдерін шығарды; төртінші, шығыс әдебиетіндегі ғашықтар жайлы сюжеттерді (әрі қиссаларды) қайта жаңғыртып жазатын кәсіпқой ақындар болды, олар жыр, өлең үлгісіндегі ғашықтық дастандарды туғызды; бесінші, діни ислам өкілдері жайлы шығармалардан сюжет алып, өлең үлгісінде қисса жазатын молда-ақындар болды; алтыншы, әрі айтысқа түсетін, әрі ауызша да, жазба түрде де толғау жыр шығаратын ақындардың жаңа тобы көрінді» [2; 81]. Шындығында, мұның өзі әдеби мұраны ашу, оның өкілдерінің шығармашылығын зерделеу, тану жолындағы өзгеше іс, өзінше бағамдау болып, өз кезегінде әдебиеттанудағы соны ізденістердің, жаңа сұрлеулердің ендігі бағытын аңғартып қана қоймай, айқындауға да септігін тигізді. Жалпы, Құлмат Өмірәлиевтің аталған еңбектерінде қазақ поэзиясының көп құпиясына, әлі де жете көңіл бөліне қоймаған тұстарына, болашақ зерттеушілерге бағыт берер, жөн сілтер теориялық негіздеріне, өлеңнің өзіндік ерекшеліктеріне кең тоқталып, жүйелілікке, тереңдікке аса мән бергенін ерекше атап көрсетуіміз керек.

«Әдебиет үлгілері негізінде қарастыру XIX ғасыр әдебиетінің саяси мазмұндық, тақырыптық жөнін де көркемдік бағыт, ағымдарын да аша түсуді шектемейді, қайта молықтыра түседі.

XIX ғасыр әдебиетінде көркем сөздің қандай түрлері болды, олардың қатынасы қандай деген мәселе — әдебиеттің теориясына әрі тарихына қатысты мәселе» [3].

Ол тұрғыда ғалым Қ. Өмірәлиев XIX ғасыр поэзиясын жанрлық, стильдік тұрғыда мүлде жаңа сапада, таза теориялық талаптар тұрғысынан арнайы, алғаш қарастарды десек, артық айтқандық емес.

«XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ поэзиясына сипаттама» тарауында XIX ғасырдың 30–40 жылдарынан кейінгі қазақ поэзиясының өлең түрлері, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ауызша поэзия және оның жанры мен стильдік сипаты, қазақ поэзиясындағы ақын жасаған туындылардың жанры мен стилі туралы кеңінен қамтып, толыққанды, толымды пікірлер айтады.

XIX ғасырда жыраулық өнердің сипаты өзгеріп, қазақ өлеңі жаңа бағытқа, жаңа сапаға ауысты. Жыраулардың әлеуметтік тұлғасы көмескіленіп, өнер биігіндегі орнын алмастырды. Олардың орнына негізінен ақындар келді. Дегенмен жырау сөзін, өнегесін жалғастырушылар да болмай қалған жоқ. «Ендігі би дау-дамайда шешендік сөзге, төрелік қоныс сөзге ыңғайланды да, ол ақындық қабілеті, дарыны молдары тақпақ сөзге көшті. XIX ғасырдың бірінші жартысынан бұлар Жәңгір хан қасындағы Алаша Байтоқ жырау, Кенесары қасындағы Нысанбай, Досқожа, т.б. жыраулар болды» [2; 85], — деді Құлмат Өмірәлиев.

Махамбет бастаған ақындардың шеберлік қисындарын, жалпы қазақ әдебиеті тарихындағы, қазақ қоғамындағы орнын, ақындық даралығын, өзгеше болмыс-бітімін мейлінше терең зерделеп, ғылыми пайымдаулармен дәйектеп, жанрлық, көркемдік жақтан арнайы қарастырғанын ерекше бағалағанымыз жөн. Зерттеушінің бірнеше ғасыр әдебиетіне, поэзиясына байланысты әдеби-ғылыми тұжырымдарының өміршендігін, ғылыми сипатының дәлдігін бүгінгі буын да байқайтыны анық.

XIX ғасыр әдебиеті, алдыңғы әдебиетке қарағанда, анағұрлым толысқан, кемелденген, жаңалығы мол, жанрлық ерекшелігі түрленген әдебиет. Көне дәуірден жалғасқан әдебиетте хандық кезең тұсында негізінен жыраулар поэзиясы алдыңғы орынға шығып, онда негізінен жыр үлгісінің түрлі жанрлары басым болды. Ал бұл кезеңге жаңа өлең түрлері тән. Сондай-ақ дастан-поэмалар, лирикалық өлеңдер, айтыс өнері, ауыз әдебиеті үлгілері де айрықша мәнге ие болды. Қазақ өлеңі шын мәнінде жаңа сапаға көтеріліп, жазба әдебиеттің негізі қаланды. Махамбет, Дулат, Абай, Ыбырайлар

шықты тарих сахнасына. Осылайша сөз өнері толысып, толығып, мазмұнын тереңдетіп, өз арнасын кеңейте түскені мәлім.

«Махамбет поэзиясының өзіне дейінгі дәуірдегі поэзия үлгілерімен байланысы» дейтін бөлімінде ақын шығармаларында ауыз әдебиетінің, көне түркі поэзиясының, жыраулық дәстүрдің ықпал-әсері аз болмағанын атап көрсетеді. Ақын туындыларында жыраулар жасаған әдебиеттің дәстүрлі үлгілері, сөз қолданыстары, өлең өлшемі аз кездеспейді. Жыраулар шығармашылығына тән жорық жырлары, елдік мүдде мен ерлік рух астасқан өлең жолдары, халық даналығын байқататын сөз үлгілері, қанатты сөзге айналған сөз тіркестері Махамбетті айналып өтпейді. Көне түркі кезеңінен келе жатқан көркемдік дәстүрдің жалғасын тауып, бүгінгі өмірмен сабақтастық тауып жатуында ақын өлеңінің өзіндік орны бар. Әрине, өзіне дейінгі әдебиет өкілдерінен үйренумен ғана шектеліп қойған жоқ, қайта оны мазмұндық, тілдік, стильдік, көркемдік жағынан байытты. Яғни, «Махамбет — өзіне дейінгі халық өдебиетінің барлық табыстарын толық меңгеріп, кемшілігін қайталамай, өз бетін, өз стилін айқындап, әдебиетте көрнекті үлгі қалдырған ақын» [2].

Мұны автор нақты мысалдармен дәлелдеп, көне ерлік эпостары, қазақтың батырлық жырлары мен ақын шығармаларының арасындағы көркемдік дәстүр жалғастығының астарын ашуға ұмтылады. Әсіресе, ақынның «Соғыс», «Мінкен ер» өлеңдерінің эпостық жыр үлгісіне өте жақын келетініне назар аудара келе, «Махамбет поэзиясында «Соғыс» сияқты эпостық жыр сипаттас өлеңдер ғана кездесіп қоймайды, эпостық жырдың, біз көрсеткендей, ерекшелігіне ие өзге үлгідегі де өлеңдер кездеседі. Айталық, ақынның дидактикалық өлеңдерінде ауыз әдебиетіне тән тілге тиек аралық дәнекер жолдар мол кездесіп отырады.

*Тоқсан тарау су ақса,
Дария болар сағасы.
Сан шерулі қол болса,
Батырлар болар ағасы* [4], —

деп ақынның өлең жолдарынан нақты мысалдар келтіреді.

Өзіне дейінгі Қазтуған, Бұқар, тағы басқа жыраулардың дәстүрімен философиялық-дидактикалық үлгідегі толғау жырлар айтқанын, оған «Тайманның ұлы Исатай», «Орай да, борай қар жауса», «Жалған дүние», «Жалғыздық» т.б. өлеңдер дәлел бола алатынын тілге тиек етеді.

Зерттеуші ақын поэзиясының өзіне дейінгі ақын-жыраулардан айырмашылығын, даралығын айта келіп, «Махамбет поэзиясы тілі — күрестің, халықтық мүдде күресінің тілі. Ал бұл тілдің лексикасы күрес идеясын жеткізу құралы ретінде жұмсалысқа түскен лексика. Сондықтан да бұл лексика саяси мән реңкін бойына алған лексика. Демек, қазақ поэзиясында өлең тілінің халықтық мүдде тұрғысынан идеялық құрал қызметінде жұмсалуды, саяси бояу алуы Махамбеттен басталады» [4; 45], — деп, ақын өлеңдерінің мән-мазмұнын аша түседі.

Автор ақын өлеңдерінде жиі кездесетін жер-су атауларының, әсіресе Еділ мен Жайықтың тек географиялық ұғым ретінде ғана емес, ел қонысы, халық мекені, болашақ тіршілік кепілі ретінде алынғанын айтады.

Дәстүрлі қазақ поэзиясында туған жер, отан, атамекен идеясын білдіру үшін «қос өзен» ұғымының кеңінен қолданғанын білеміз. «Туған жердің, ел отанының символы ретінде Еділ, Жайық деген заттық нышандарды алу күні кешегі Махамбеттерге дейін келді. Оның: «Еділдің бойы ен тоғай, Ел қондырсам деп едім, Жайықтың бойы көк шалғын, Күзерміз де жайлармыз» деген өлең жолдарында айтпақ идеясы — Еділ мен Жайық өзендерінің бойына ел қондыру, оны жаз жайлап, күз күзеу емес, нақты осы әрекетте емес, басқа, яғни «туған жерде емін-еркін өмір сүру» идеясы» [5].

Иә, шынында, өршіл ақынның отты, рухты өлеңдерінде кездесетін жер-су атауларының, туған өлке атырабының аталуынан біз оның туған жерге деген махаббатын, Отан сүйгіштігін, атамекен, құт қонысы — «қос өзен» үшін жанын пайда етуге даяр екендігін көреміз. Махамбеттің:

*Абайламай айрылдым,
Ар жақтағы елімнен,
Анау Нарын деген жерімнен,* —

дейтіні немесе

*Айналайын, Ақ Жайық!
Ат салмай өтер күн қайда?* —

деуі немесе

*Еділді көріп емсеген,
Жайықты көріп жемсеген,
Таудағы тарлан біз едік,* —

деп елінің, жерінің тәуелсіздігін аңсайтыны, жыр толғайтыны сондықтан.

Зерттеуші Махамбет жырларының тақырыптық сипатын белгілеуде оның тіліндегі *халық, ел, жұрт, алаш, қарындас, ер, батыр, хан, сұлтан* сөздерінің, *қару-жарақ*, аттарының, *туыстық* атауларының келу реті мен жиілік саны елеулі қызмет атқаратынына назар аударады.

Ел сөзінің *халық* сөзінен көп қолданылуы бұл екі сөздің дара мағыналарындағы ерекшеліктен гөрі, қандай сөздерімен тіркесуіне байланысты. Олай болса, мұның өзі *ел* сөзінің тіркестік қатарының молдығын көрсетеді.

1. *Елдің* қамын жеді ғой; *ел* қорғаған мен едім; *ел* күтқарар мен едім; мен де айрылдым *елімнен*.
2. *Халықтың* кегін қусайшы; *халықтың* көрген қорлығын.
3. Астана *жұртын* айналған.

Міне, бұл жолдар Махамбет жырының тақырыбы мен идеясын танытатын жолдар. Біз Махамбетке дейінгі поэзиядан *халық, ел, жұрт* сөздерінің осы әлпетте мол қолданысын кездестірмейміз» [4].

Мұнан әрі күрескер ақынның өлеңдерінде жиі кездесетін *ата, ана, қарындас, аға-іні, қатын, бала, жар* т.б. туыстық атаулардың келу және өзіндік қолдану ерекшелігіне нақты мысалдар келтіре отырып, тоқталады.

Махамбет поэзиясында кездесетін араб, парсы сөздеріне қатысты өз ойын «Махамбет бұл сөздерді араб-парсы тілін меңгеру арқылы тапқан жоқ. Бұл сөздер Махамбет лексикасына сөйлеу тілінен ауысқан. Яғни, ақын тіліне бұл сөздер оның өзі әңгіме еткен тақырыбына, осы тақырыпқа орай қалыптасқан халықтық түсінік тұрғысынан сөйлеуіне байланысты, осы тақырыптарға орай қалыптасқан салттағы сөздерге баруы негізінде оралған» [3; 192], — деп түйіндейді.

Араб, парсы, түркі сөздерінен енген, бірақ қазақтың жалпы халықтық сөйлеу тіліне барынша кірігіп, сіңісіп кеткен *арман, мақсат, үміт, дүние, заман, фәни, пида, байтақ, астана, құса, қапы, қайғы, жиһан* т.б. сөздеріне тоқталып, олардың ауыз екі тілде барынша актив қатынас тапқанын айтып өтеді. Жалпы, ақын өлеңдерінде кездесетін кірме сөздер хақында автор келелі мәселе қозғаған. Кейінгі деректерде Махамбеттің бірнеше тілді, соның ішінде араб тілін тәуір меңгергендігі туралы айтылып жүр. Бұл арнайы зерттеуді қажет ететін мәселе. Махамбет поэзиясындағы кездесетін сөз тіркестері мен фразеология, халықтың дәстүрлі сөз оралымдары мен тұрақты сөйлемдер, афоризмдер үшінші бөлімінде қарастырылған. Махамбетте кездесетін фразеологиялар жайлы сөз еткенде, зерттеуші ақын фразеологизмдерінде жауынгерлік стиль бояуы анық байқалып тұратынын, бірінші кезекте пайдалануға бейімділік аңғарылатынын ескертеді. Одан әрі ақын өлеңдеріндегі фразеологиялы сөйлемдерді ұйытқы тұрақты тіркестердің іштей тіркесу тәсіліне және осы тіркескен қатынасқа түскен сөздердің байланысу формасына қарай бірнеше топқа бөліп, талдап көрсеткен. Атап айтқанда:

а) атау тұлғалы тұрақты тіркестердің септіккі сөзді меңгеруі (*аламанға жел бердік*);

ә) септік формалы тұрақты тіркестерге атау тұлғалы сөздің қабыса байланысуы (*әділ жаннан түнілтіп*) т.с.с.

Махамбет поэзиясындағы сөздердің стильдік-мағыналық қолданысы өзіндік ерекшелікке ие екендігі даусыз. Махамбет өлеңдері негізінен күрескерлік, жауынгерлік рухта туған өлеңдер. Осыған орай Махамбетте кездесетін көркемдік-бейнелеу құралдары, көбіне, осы үлгіде жасалған.

Ақын өлеңдерінде тұрақты эпитеттермен қатар, өзіне тән сөз бедерлерін (біздің *қайсар батырдың, ақ көңіл, аңқау жүрекпен, бұлттан шыққан шұбар күн*), эпостық-батырлық жырларға тән дәстүрлі теңеу сөздермен бірге теңеу сөздерді қолдануда өзіндік ерекшелігін (*Кұландай ащы дауыстым, Кұлжадай айбар мүйіздім*), метафоралар (*мен қарақұстан туған қалықпан, мен түбін кескен бәйтерек*), анафора, психологиялық параллелизм, қайталау, инверсия, ассонанс, аллитерация т.б. көркемдік-бейнелеу құралдарын зерттеуші-ғалым әдебиеттану мен тіл білімінің ортақ нысаны ретінде жан-жақты саралап, өзара байланыста салмақтап, саралайды.

Мұнан әрі ақын поэзиясында стильдік-тілдік тәсіл ретінде жұмсалатын формалар, ақын өлеңдерінің синтаксистік жүйесі талданады.

«Әдебиеттану мен тіл біліміне өте жақын, бірақ әрі осы екеуіне ортақ құбылыстарды басын біріктіре қарастырған, әрі осы екеуінен де бөлек зерттеу әдісіне ие еңбек» [4], — деп Қ.Өмірәлиевтің өзі атап көрсеткендей, зерттеу әдісі, құрылымы өзгеше сипатқа ие бұл еңбектердің Махамбет өлеңдерінің тілін, табиғатын тануға, түсінуге игі кадам жасауыменен де, махамбеттануға қосқан өзіндік үлесіменен де орны бөлек, ерекше құнды екендігін айту абзал.

- 1 Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері: Зерттеулер. — Орал: Ағартушы, 2010. — 378-б.
- 2 Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі. — Алматы: Ғылым, 1983. — 237 б.
- 3 Мәдібай Қ. Қазақ әдебиетінің жауһар ғасыры. — Алматы: Ценные бумаги, 2012.
- 4 Өмірәлиев Қ. XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. — Алматы: Ғылым, 1976. — 239 б.
- 5 Шарип А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. — Алматы: Білім, 2000. — 336 б.

Ш.А.Шортанбаев

Использование стилистико-лексических средств в поэзии Махамбета

В научных трудах «Язык казахской поэзии XV–XIX веков», «Жанр и стиль казахской поэзии» известного ученого К. Омиралиева говорится о выдающихся представителях казахской литературы — Бухаре жырау и поэте Дулате. Параллельно с ними всесторонне рассмотрены поэтический язык, жанр и стиль великого поэта Махамбета Отемисова. При сравнении вышеназванных образцов поэзии автором обнаружено влияние предыдущей устной традиции на творчество поэта, особенно это подтверждается произведениями «Соғыс» и «Мінкен ер», в которых автор прослеживает явное влияние эпической поэзии. Особое внимание уделено географическим понятиям, специфике казахского кочевья, а также приведены примеры и выводы относительно использования арабских и персидских слов в творчестве Махамбета.

Sh.A.Shortanbaev

The stylistic-content usage of words in Makhambet poetry

In the scientific works such as «Kazakh language and poetry of XV–XIX centuries», «Genre and style of Kazakh poetry» famous scientist K.Omiraliyev described outstanding representatives of Kazakh literature Bukhar zhyrau and Dulat. In the same works author compared with Mahambet's poetry. While comparing samples of the poetry author found the influence of oral literature in the works of the poet and proved it with the exact example of «Sogys», «Minken er.» The author saw epic poetry in these verses. And as the author paid special attention to the geographical concept and made its examples and conclusions on the use of Arabic and Persian words. Also article discusses the style of language used as forms.

References

- 1 Zhumaliev K. *Kazakh epos and problem in Kazakh literature*, Oral: Agartyshi, 2010, p. 378.
- 2 Umiraliyev K. *The genre and style of Kazah poetry*, Almaty: Gylym, 1983, 237 p.
- 3 Madibay K. *The golden age of Kazakh literature*, Almaty: Cennye bumagi, 2012.
- 4 Umiraliyev K. *The language of Kazakh poetry in the XV–XIX century*, Almaty: Gylym, 1976, 239 p.
- 5 Sharip A. *Kazakh poetry and national idea*, Almaty: Bilim, 2000, 336 p.